ҒТАМР 10.55.91 DOI: https://doi.org/10.62687/VLJ.3.2.2026.72

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ (НАУҚАСТЫҢ) ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТІЛІМДІЛІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

А.М. Умбеталиева*
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
*e-mail: aliya.muksinovna@mail.ru

А.М. Умбеталиева – Астана халықаралық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан Республикасы; e-mail: aliya.muksinovna@mail.ru; ORCID ID: https://orcid.org/0009-0009-9234-2860

Аңдатпа. Мақалада адамның (науқастың) электрондық медициналық мәліметтерге қол жеткізудің құқықтық тетігі зерттеледі. Қазіргі таңда қоғамның күннен күнге электрондық медициналық ақпараттарға жүгінуі, бірыңғай цифрлық денсаулық сақтау контурының болуы, цифрлық ресурста медициналық ақпараттың пайдаланылуы өзектілікті құрайды. Зерттеудің мақсаты ретінде цифрлық порталдағы медициналық деректерге қол жетімділікті құқықтық реттеу, тәжірибеде орын алған нақты мәселелерді анықтау, Қазақстан Республикасының заңнамасына ұсыныс енгізу құрайды. Сонымен қоса, зерттеуде ҚР денсаулық сақтауды реттейтін құқықтық актілер мен шет елдердің денсаулық сақтаудағы құқықтық реттеу модельдері талданады. Еліміздегі электрондық медициналық жазба журналы мен оларды өңдеу тәртібін, тұлғаның жеке деректерін қорғау тетіктерін нақтылау бойынша негізделеді.

Түйін сөздер: жеке деректер, денсаулық сақтау субъектілері, медициналық қызмет көрсету, медициналық ақпарат, электрондық медициналық деректер, медициналық деректерді бақылау тетігі, медициналық құқықтық реттеу.

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ДОСТУПА К ЭЛЕКТРОННЫМ МЕДИЦИНСКИМ ДАННЫМ ЧЕЛОВЕКА (ПАЦИЕНТА) В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

А.М. Умбеталиева*
Международный университет Астана, Астана, Казахстан
*e-mail: aliya.muksinovna@mail.ru

А.М. Умбеталиева – докторант Международного университета Астана, Астана, Республики Казахстан; e-mail: aliya.muksinovna@mail.ru; ORCID ID: https://orcid.org/0009-0009-9234-2860

Аннотация. В статье исследуется правовой механизм доступа человека (пациента) к электронным медицинским данным. В настоящее время, изо дня в день возрастает значимость обращения общества к электронной медицинской информации, наличию единого цифрового контура здравоохранения, использования медицинской информации на цифровом ресурсе. Целью исследования является правовое регулирование доступа к медицинским данным на цифровом портале, выявление конкретных проблем, возникших на практике, внесение предложений в законодательство Республики Казахстан. Кроме того, в исследовании анализируются правовые акты, регулирующие сферу здравоохранения РК, и модели правового регулирования здравоохранения зарубежных стран. Обосновывается по уточнению порядка обработки электронных медицинских записей, механизмов защиты персональных данных лиц в стране.

Ключевые слова: персональные данные, субъекты здравоохранения, медицинское обслуживание, медицинская информация, электронные медицинские данные, механизм контроля медицинских данных, медицинское правовое регулирование.

LEGAL REGULATION OF ACCESS TO ELECTRONIC MEDICAL DATA OF A PERSON (PATIENT) IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

A.M. Umbetalieva*
Astana International University, Astana, Kazakhstan
*e-mail: aliya.muksinovna@mail.ru

A.M. Umbetalieva – Doctoral student at Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: aliya.muksinovna@mail.ru; ORCID ID: https://orcid.org/0009-0009-9234-2860

Abstract. The article examines the legal mechanism of a person's (patient's) access to electronic medical data. Currently, the importance of society's access to electronic medical information, the availability of a single digital health contour, and the use of medical information on a digital resource is increasing day by day. The purpose of the study is to legally regulate access to medical data on a digital portal, identify specific problems that have arisen in practice, and make proposals to the legislation of the Republic of Kazakhstan. In addition, the study analyzes the legal acts regulating the healthcare sector of the Republic of Kazakhstan and models of legal regulation of healthcare in foreign countries. It is justified by clarifying the procedure for processing electronic medical records and the mechanisms for protecting personal data of individuals in the country.

Keywords: personal data, healthcare entities, medical care, medical information, electronic medical data, medical data control mechanism, medical legal regulation.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының цифрлық өтпелі кезеңінде медицина саласы өте қарқынды даму жолында. Яғни, 2018 жылы 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Тұңғыш Президенттің халыққа жолдауында қазіргі заманғы цифрлық денсаулық сақтау жүйесінің жаңа моделін құру бойынша міндет қойды (Тұңғыш Президентінің Жолдауы, 2018). Соған орай, 2024 жылы 2 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің бірыңғай және объективті деректер қорының жүргізілуі өз жалғасын тапты (Мемлекет басшысының Жолдауы, 2024). Бұл жүйенің іске асырылуы қоғам үшін пайдасын тигізетіні сөзсіз. Бірақ ескеретін жайт, адам (науқас) үшін электрондық медициналық ақпараттық жүйенің құқықтық реттелу тетігі дұрыс бағытта жүргізілуі керек. Осы себепті, цифрлық трансформация кезеңінде медицина саласында адам (науқас) жеке деректерін қорғау бойынша кепілдігі сақталуы қажет. Деректер қорына енгізілген адамның (науқастың) медициналық ақпараттары өзіне қол жетімділікке және өңделуге жарамды болуы тиіс. Медицина саласындағы үшінші тұлғаның жеке деректер қорына қол жетімділік тек өз құзіреттілік шеңберінде, яғни медицина қызметкерлері арасында адамның жеке деректері өз қажеттіліктеріне орай қолданбауы және дәрігерлік құпиялықта жүргізілуі қажет. Осы себепті, адамның (науқастың) электрондық медициналық құжаттарға қол жетімділікке байланысты құқықтық тетіктерді зерттеу орынды болып келеді.

Айта кететін жайт, 2021 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің «Цифрлық денсаулық сақтау субъектілерінің дербес медициналық деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды, қорғауды және беруді жүзеге асыру қағидалары» туралы бұйрығы орын алды (ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы, 2021). Яғни, электрондық медициналық карталарда өңдеу және деректерді жинау операцияларында адамнан (науқастан) келісім алуды міндеттейді. Осыған орай, адамның (науқастың) электрондық медициналық қолжетімділікке ие болудағы құқықтық реттелу тетігі толыққанды жұмыс жасауы бойынша мәселе туындайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалдары ретінде адамның (науқастың) цифрлық медициналық ақпараттарға қол жетімділікті реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілер орын алды. Атап айтқанда, 2013 жылғы 21 мамырдағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» туралы Заңы, 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және

денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі, 2018 жылы 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Тұңғыш Президенттің халыққа жолдауы, 2024 жылы 2 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауы, Денсаулық сақтау министрлігінің заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынады.

Сонымен қоса, мақалада бірқатар әдістер де қолданылады. Салыстырмалы құқықтық әдіс отандық құқықтық нормаларға салыстырмалы түрде шетелдік құқықтық актілерді зерделейді. Ал жүйелік құқықтық әдісі адамның жеке мәліметтерін қорғалуын реттейтін заңнамамен қатар, медицина саласындағы құқықтық актілерімен байланысын зерттеуге өз септігін тигізеді. Медицина саласындағы құқықтық тетікті жүзеге асыру барысында анықталған қарама-қайшылықтарды талдау үшін логикалық-құқықтық әдісте пайданылады.

Таңдалған әдістерге сүйене отырып, тек заңнамаларды талдау емес, тәжірибеде жүзеге асырылу жолдарында да қарастырады. Ұсынылған зерттеудің тәсілі цифрлық медициналық денсаулық сақтау жүйесі арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған кешенді зерттеу және отандық заңнаманы жетілдіруге көмектеседі.

Талқылау. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексінің 61-бабының 5-тармағына сәйкес, жеке тұлғаның Ұлттық электрондық денсаулық паспортындағы, электрондық денсаулық паспортындағы өзінің денсаулығы және көрсетілген медициналық көмек туралы ақпаратқа қол жеткізуге, сондай-ақ деректерге қол жеткізу журналын қадағалауға құқығы берілген (ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі, 2020). Осы кодексте көрсетілген нормаға орай, медицина қызметкерлері де денсаулық сақтау ресурстарында енгізілген деректердің құпиялылығына және дұрыстығына жауапты болып келеді. Сонымен қатар, ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы Заңының 10-бабына сәйкес, дербес деректерге қол жеткізу көзделген (ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы Заңы, 2013). Денсаулық сақтау жүйесінде бұл көрсетілген норма жалпы тұлғаның электрондық медициналық құжаттамасы дұрыс жүзеге асырылуы үшін маңызды болып келеді.

Қазіргі таңда тәжірибеде электрондық медициналық құжаттамаларды пайдалану сандық көрсеткіш жағынан артып келеді. ҚР министрлігінің берген мәліметтері бойынша, 2025 жылы денсаулық сақтау жүйесінде 215 миллионнан астам халық медициналық саласында қызмет алған. Соның ішінде 88,6% электрондық медициналық ақпаратқа қызметке жүгінген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2026). Атап айтқанда, электрондық медициналық анықтамалар алу, дәрігерге онлайн жазылу, диагностикалық зерттеулердің қорытындыларын білуге және т.с.с. Бұл азаматтарға уақытты үнемдеуге, тіпті шалғай жерде тұратын тұрғындарға қол жетімділікті көрсетеді. Бұдан біз біртіндеп медицина саласының электрондық форматқа өтуін байқаймыз. Ал бұл өз кезегінде үлкен сұранысты тудырып, заңдық тұрғыда толық қорғалуын талап етеді.

Айта кететін жайт, Денсаулық сақтау министрлігі ондаған ақпараттық жүйені бірыңғай цифрлық контурға интеграциялауға жұмыс жасауда. Бұл жүйе медицина саласындағы қызметкерлерге құжаттармен жұмыс жасауына жеңілдігін және тұлға үшін жеке деректерге қол жетімділігін береді. Медициналық интеграциялау бойынша өзге шет елдермен салыстыруған да орынды. Мысалы, Түркия, Эстония, Сингапур, Финляндия сияқты елдерді айтуға болады. Медициналық мәліметтер жүйесін интеграциялау заңды тұрғыдан тұлғаның медициналық қызметке жүгінген кездегі бірдей ақпараттарға бірнеше рет сұраныс жасауды азайтып, жеке деректерге деген бақылау тетігінің маңыздылығын арттырады.

Сонымен қоса, жоспарлы даму жолындағы цифрлық медициналық жүйе мыңнан астам медициналық ұйымды, медицина қызметкерлерін және медициналық техниканы қамтитын болады. Цифрлық телемедицина іске қосылып, шалғай тұратын тұрғындарға қашықтықтан кеңес алуға мүмкіндік береді. Ал жасанды интеллекттің қанқынды дамуы барысында мемлекетімізде жүздеген ұйымды біріктіру үстінде. Яғни, бірыңғай электрондық медициналық ақпараттандыру жүйесіне өту азаматтар үшін өз тиімділігін тигізеді.

Автоматтандырылған медициналық ақпараттарды қолдану көп жағдайда үлкен сенімділікті арттыратыны сөзсіз. Себебі жадыда сақталған ақпарат қол жетімді, өңдеуге ыңғайы бар, көшіруге тез, сақтауды жүзеге асырады. Бірақ біз медициналық ақпараттық жазбаның сенімділік кепілдігін толықтай бермейтінін білуіміз керек. Себебі бастапқыда енгізілген мыңдаған адамдардың жеке деректерінде қате кетуі де мүмкін. Сол себепті жеке деректерді әр уақытта тексеруді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің «Цифрлық денсаулық сақтау субъектілерінің қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына орай, адам (науқас) өзінің медициналық жеке деректер ақпараттарына қол жетімділікті көздейтін норма бекітеді. Электрондық порталда келіп түскен сұраныс бойынша, көзделген мәліметті беру үш жұмыс күнін құрайды, ал бас тартылған жағдайда себебі көрсетіледі (Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы, 2021).

Осы тұрғыда Финляндия елінің тәжірибесімен танысатын болсақ, медициналық Ұлттық жүйе ретінде MyKanta жүйесі әрекет етеді (MyKanta жүйесі, 2026). Бұл жүйеде амбулаториялық жағдайда тіркелген науқастар туралы ақпараттар көрсетіледі. Жүйеге тіркелу арқылы науқастар емдеу мәліметтеріне ие болады. Бұл модель біздің еліміз үшін өз септігін тигізеді. Яғни, ең біріншіден цифрлық платформалармен жұмыс жасау; екіншіден медициналық журнал мәліметтеріне қол жеткізу. Цифрлық медициналық салада ашықтық қағидасына бағыттайды. Жалпы цифрлық платформаға науқастың деректері қате енгізілген жағдайда, фин моделі бойынша енгізген ұйым түзетуі тиіс болып келеді. Мұндай әдістің қолданылуы еліміз үшін маңызды болып келеді. Себебі медициналық құжаттамада енгізілген қате дерек өз еркінін білдірген тұлғамен өзгертуге ұшырамауы керек. Медициналық құжаттамадағы деректі өзгерту тек құзіреттілігі бар медициналық қызметкер болуы тиіс. Меніңше, мұндай құқықтық тетіктің орын алуы тұлғаның сенімділігін арттырып, ерікті өзгеруіне жол бермейді. Сол себепті, қолданыстағы нормаларға анықталған электрондық медициналық құжаттамалардағы қатені түзету тәртібін толықтыру орынды деп есептеймін.

Тағы бір тәжірибеден мысал келтіретін болсақ, Эстония елін қарастыруға болады. Бұл елде әрбір азамат электрондық денсаулық порталымен жұмыстана алады. Денсаулық порталында емделуші тұлға деректерге кімнің қол жеткізгендігін, яғни қандай мәліметтерге ие болғанын көре алады. Сонымен қоса, өзіне қатысты медициналық мәліметтерге қол жетімділік шектеуін қоюға құқығы бар (Эстония денсаулық порталы, 2026).

Өзге елдермен салыстыру барысында Қазақстан Республикамызда да кейбір цифрлық медициналық операциялар әрекет ететінін көруге болады. Мысалы, медициналық ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндіктері, кіру журналын қарау, медициналық жазбаларды қарау және т.б.

Қазіргі таңда елімізде тұлғаға өз медициналық журналын қадағалау мүмкіндігін береді. Бірақ оны әлі де заң нормаларымен жетілдіру қажет деп есептеймін. Электрондық медициналық журналындағы нақты ұйымның кіру және шығу уақыты, қандай деректер енгізілгендігі немесе өзгертілгендігі құқықтық тетікпен реттелуі керек. Бұл жерде медицина қызметкері мен цифрлық медициналық платформадағы ашықтық қағидасы өзара балансты да табуы керек. Финляндия тәжірибесі көрсеткендей, медицина саласының қызметкеріне берілген құзіреттілік тұлғаның жеке деректерін қорғаумен қатар жүргізілуі керек.

Айта кететін жайт, жеке деректерде бастапқы кеткен қателіктерді түзету міндетті түрде тарихи жазбаларда қалуы тиіс деп есептеймін. Бұл тұлғаның медициналық ақпаратқа сенімділігін және медициналық құжаттаманың құндылығын көрсетеді.

Электрондық медициналық ресурстарда адамның (науқастың) жеке деректері туралы ақпаратты медициналық ұйымдар арасында өзара алмасу мәселесінде айтуға болады. Заң нормалардың шегінде медициналық ұйымдар арасында адамның жеке деректері бойынша ақпараттар берілетіні мәлім. Отандық құқықтық заңнама нормаларына сәйкес, тұлғаға қатысты цифрлық медициналық ақпарат тиісті қызметтерді орындау үшін медицина ұйымдарының арасында жүруі мүмкін. Бірақ жеке деректерді үшінші тұлғаларға беру тұлғаның келісімін талап етеді. Осыған орай, тұлғаға жеке мәліметтерге қол жеткізушілікті ғана емес, цифрлық порталдағы медициналық ақпараттарды басқа субъектіге берілуін білу болып есептеледі. Міне,

Финляндия тәжірибесі бойынша емделуші тұлға мәліметтерді алған ұйымды өз жеке кабинеті арқылы көре алады.

Жалпы құқықтық норма тұлғаның цифрлық платформадағы медициналық ақпараттарға бақылауын қаншалықты қамтамасыз етеді деген мәселе орын алады. Осы себепті, елімізде цифрлық медициналық деректерге қол жеткізу журналының мазмұнын нақтылау, медициналық жазбаларды түзетудің тәртібін бекіту, медициналық ұйымдар арасында жеке деректерді беру бойынша тұлғаны хабардар ету, жекелеген мәліметтерге қол жеткізуге шектеу қою тәртібі және т.б. маңызды сұрақтар негізге алынуы керек. Айтылғанды ескере отырып, цифрлық медициналық трансформациясында тұлғаның құқықтарын қорғалуына қамтамасыз ету және медициналық құпия мен ақпараттық қауіпсіздіктің қажетті кепілдіктерін сақтауға қамтамасыз ету басты орынға қойылады.

Қорытынды. Зерттеу көрсеткендей цифрлық медициналық трансформация кезінде тұлға мен медицина саласындағы ұйымдардың арасындағы қарым-қатынасты басқа қырынан ұштастырылып отыр. Цифрлық порталдағы медициналық құжаттамалар тұлғаның денсаулығы бойынша мәліметтерді қалыптастыруда.

Жоғарыда берілген ақпараттарға сәйкес, Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық медициналық қызметтердің 88,6% электрондық медициналық форматта берілген. Яғни, елімізде бірыңғай цифрлық контурдың қалыптастыру жүріп жатқанын көреміз. Әрбір тұлға өзінің денсаулығы жөнінде ақпаратқа қол жеткізу құқығын байқаймыз. Тұлғаның денсаулық жағдайы және көрсетілген медициналық қызмет туралы мәліметтерді цифрлық портал арқылы алуға, денсаулық сақтау журналдың жазбаларын көруге құқығы бар.

Осыған орай, құқықтық норма тұлғаның медициналық жеке деректерін қорғауға, дұрыстығына және құпиялылығына кепілдік береді. Демек, заң нормаларында бекітілген құқықтарды толықтай жүзеге асыру үшін жекелеген тетіктерді толықтыру қажет. Осы жерде цифрлық порталдағы медициналық журнал жазбаларын айтуға болады. Оны заң жүзінде қарастыру, тұлғаға жеке деректерді бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы жеке деректерге сұраныс жасау уақыты, күні, нақты жүгінген субъект туралы мәлімет (санаты, қызметі), қол жетімділік негізі көрсетілуі қажет.

Сонымен қоса, цифрлық медициналық ақпаратты түзету жолдарын құқықтық реттеу де орынды болып келеді. Себебі, электрондық медициналық жазбаның заңдық күші бар. Сондықтан бастапқы ақпарат өзгертілген (түзетілген) жағдайда, біріншісін көрсете отырып, өзгертілген ақпараттың негізі түсірілуі керек. Бұл жерде тұлға байқалған қателіктермен таныса отырып, жауап алу құқығына ие болады.

Айтылғанды негіздей отырып, тұлға тек цифрлық порталдағы медициналық ақпараттарға ғана ие болмай, сонымен қоса өзінің жеке деректеріне бақылау құқығын да іске асыруы керек. Яғни, елімізде цифрлық медициналық ақпараттардың құқықтық реттелуі заңи актілерде бекітіліп қана қоймай, тәжірибеде де іске асыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл жағдайда заң нормаларын дамыту цифрлық медициналық деректерге қол жетімділік, құпиялылық, деректердің қорғалуы өзара балансты табады. Мұндай әдіс тұлғалардың электрондық денсаулық сақтау моделін құрастыруға мүмкіндік береді. Ол тек цифрлық ортаны қалыптастырып қоймай, заңды кепілдіктерге ие болуға көмектеседі.

Әдебиеттер

Тұңғыш Президентінің Жолдауы, 2018 - 2018 жылы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Тұңғыш Президенттің халыққа жолдауы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018 (жүгінген күні: 10.01.2026).

Мемлекет басшысының Жолдауы, 2024 - 2024 жылы 2 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (жүгінген күні: 15.01.2026).

ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы, 2021 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № ҚР ДСМ -30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 сәуірде № 22550 болып тіркелді. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022550 (жүгінген күні: 20.01.2026).

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі, 2020 - «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі. // https://prg.kz/document/?doc_id=37260142 (жүгінген күні: 25.01.2026).

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы Заңы, 2013 - «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. // https://prg.kz/document/?doc_id=31396173 (жүгінген күні: 27.01.2026).
Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, 2026 - https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/ (жүгінген күні: 27.02.2026).
Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы, 2021 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 маусымдағы № ҚР ДСМ-54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 шілдеде № 23370 болып тіркелді. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023370 (жүгінген күні: 10.02.2026).
MyKanta жүйесі, 2026 - https://www.kanta.fi/en/mykanta-to-be-updated (жүгінген күні: 10.02.2026).
Эстония денсаулық порталы, 2026 - https://www.terviseportaal.ee/en/arstiabi (жүгінген күні: 12.02.2026).

References

Tungysh Prezidentinin Zholdauy, 2018 - «Tortinshi onerkasiptik revolyutsiya zhagdayyndagy damudyn zhana mumkindikteri» atty Tusngysh Prezidenttin khalyqqa Zholdauy // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018 (zhugingen kuni: 05.08.2026). [in Kaz.]
Memleket basshysynyn Zholdauy, 2024 - 2024 zhyly 2 kyrkuyekte Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn «Adiletti Kazakhstan: zan men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm» atty Kazakhstan khalqyna zholdauy // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (zhugingen kuni: 15.08.2026). [in Kaz.]
KR Densaulyk saktau ministrinin buirygy, 2021 - Kazakhstan Respublikasy Densaulyk saktau ministrinin 2021 zhylgy 14 sauirdegi № KR DSM-30 buirygy. Kazakhstan Respublikasynyn Adilet ministrliginde 2021 zhylgy 15 sauirde № 22550 bolyp tirkelldi // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022550 (zhugingen kuni: 20.01.2026). [in Kaz.]
KR «Khalyk densaulygy zhane densaulyk saktau zhuyesi» turaly Kodeksi, 2020 - «Khalyk densaulygy zhane densaulyk saktau zhuyesi turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2020 zhylgy 7 shildedegi № 360-VI Kodeksi // URL: https://prg.kz/document/?doc_id=37260142 (zhugingen kuni: 25.01.2026). [in Kaz.]
KR «Derbes derekter zhane olardy korgau» turaly Zany, 2013 - «Derbes derekter zhane olardy korgau turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2013 zhylgy 21 mamyrdagy № 94-V Zany // URL: https://prg.kz/document/?doc_id=31396173 (zhugingen kuni: 27.01.2026). [in Kaz.]
Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyk statistikalyk byurosy, 2026 - Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyk statistikalyk byurosy // URL: https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/ (zhugingen kuni: 27.02.2026). [in Kaz.]
Densaulyk saktau ministrliginin buirygy, 2021 - Kazakhstan Respublikasy Densaulyk saktau ministrinin 2021 zhylgy 23 mausymdagy № KR DSM-54 buirygy. Kazakhstan Respublikasynyn Adilet ministrliginde 2021 zhylgy 8 shildede № 23370 bolyp tirkelldi // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023370 (zhugingen kuni: 10.02.2026). [in Kaz.]
MyKanta zhuyesi, 2026 - MyKanta to be updated // URL: https://www.kanta.fi/en/mykanta-to-be-updated (zhugingen kuni: 10.02.2026). [in Eng.]
Estoniya densaulyk portaly, 2026 - Medical care // URL: https://www.terviseportaal.ee/en/arstiabi (zhugingen kuni: 12.02.2026). [in Eng.]